

Валюта жетілігі

2023 жылдың
30 қаңтары - 3 ақпаны



Теңге өткен аптада бірқатар сыртқы жағымсыз факторларға қарамастан, рубльге және долларға қатысты біршама нығайды.

Доллар индексі АҚШ ФРЖ-сының негізгі мөлшерлемені 25 б.п.-ке көтеру туралы шешімінен кейін төмендеді. Алайда еңбек нарығы бойынша мықты статистиканың арқасында доллар индексі аптаның соңына қарай 102.9 деңгейінде жабылды.

Мұнай бағасы да бір баррель үшін 86.7-ден 79.9 долларға дейін түсті. Әлемнің жетекші орталық банктерінің мөлшерлемелерді көтеруі және сарапшылардың Қытай тарапынан энергия ресурстарына сұраныс қайта қалпына келер, деген үмітінің ақталмай жатуы апта барысында бағалардың төмендеуіне қатты әсер етті. Апта соңында АҚШ-тың қуат қорлары бойынша деректер жарық көрді: сарапшылардың көпшілігі мұнай қоры 1 млн баррельге азаяды деп болжаған еді, алайда өткен аптада АҚШ мұнайының коммерциялық қоры 4.14 млн баррельге көбейіп, 452.69 млн баррельді құрады. Бұл мұнай бағасын бір баррель үшін 79.9 долларға дейін түсіріп жіберді.

Апта соңында **рубль** АҚШ долларына қатысты нығайды. Бұған РФ Қаржы министрлігінің шетел валютасын жалпы көлемі 160.2 млрд рубльге сататындығы туралы мәлімдемесі әсер етті. Қазір күнделікті сату көлемі - 8.9 млрд рубль. Алдағы аптада бағам желісі мына факторларға байланысты болады: Ресейден ЕО-ға шығарылатын мұнай өнімдері бағасына шек қою, Қытай тарапынан энергия қорларына деген сұраныстың қалпына келуі және өткен аптада барлығынан бұрын көп әсер еткен бірқатар ішкі факторлар.

Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.03.02 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023.27.01 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
Brent бағасы	79.9	-7.8%	2.7%	▲	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	3.75%	06.12.2022	▼
Доллар индексі	102.9	1.0%	-1.3%	▲		АҚШ ФРЖ	1.65%	01.02.2023	▲
USDRUB	70.6	1.6%	-1.9%	▲		ЕОБ	-3.30%	15.12.2022	▲
CDS спреді (USD/KZT)	10.8	-1.6п.т.	+0.4п.т.	▼		РФ ОБ	1.70%	16.09.2022	▲

*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаяу

** пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.03.02 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
USD KZT	458.7	-0.4%	-1.4%	-0.9%	414.67	512.19
EUR KZT	501.3	0.1%	1.5%	1.7%	443.06	563.56
RUB KZT	6.5	-2.0%	-0.2%	1.4%	3.98	9.1
CNY KZT	68.0	0.2%	0.6%	2.0%	62.21	80.76

Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.03.02 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
ТЕҢГЕ индексі	84.4	0.7%	0.8%	0.1%	
Теңгенің құбылмалылығы*	0.2%	0.8%	1.5%	5.3%	
Экспорттық бағалар индексі	146.4	-5.9%	-2.9%	-6.9%	


* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.

Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер
		апта	ай	жылдың соңы		
30.01.2023	USDKZT	458.7	470.7	495.2	×	Сыртқы жағымсыз әсерге қарамастан бағамның нығаюы

* сәйкес келеді, × сәйкес келмейді

Jusan Analytics есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам



Автор: Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz